

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

**ВЕСТНИК**

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

**BULLETIN**

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№3/2024

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Токал Газиосманпаша университеті, Токал, Туркия

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 24.09.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 24.09.2024ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типопр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### **Editorial Board**

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.09.2024 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

---

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

ZHABAYEVA S.S.	The cognitive semantics of language: exploring lingua-cultural aspects and the specifics of metaphoric representation	7
ZHANZHIGITOV S.ZH.	Gender linguistics: analysis of scientific publications in Scopus	16
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ.	Қазақстан топонимдерінің диахрониясы (Тәуелсіздік кезеңі)	30
ИМАНГАЗИНА М.А.	Аудармадағы коммуникант эмоциясы: түр-түс атауларының қызметі мен семантикасы	41
ИСКАКОВА К.А., ОСПАНОВА Ж.Т.	Тактико-стратегическая организация научно-популярного дискурса (на материале публикаций А. Кекильбаева)	53
KARTZHAN N.E., ISSAKOVA S.S., KENZHEMURATOVA S.K.	Linguistic representation of the concept of «mental activity» in the kazakh fairy-tale discourse	63
KERIMBAYEVA K.K., BEISENBAI A.B.	Language surrounding poverty in early modern england	80
SHORMAKOVA A., RAMAZANOV T., SADYK A.	Dialogic character in the national nonverbal means	88

### ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АКБУЛАТОВ А.А., МУТИЕВ З.Ж., ТУКЕШОВА Н.М.	Мақсұт Неталиев поэзиясындағы «заман, қоғам, уақыттың» көркем суреттері	98
AMANGAZYKYZY M.	The motif of the urban environment's influence on the individual	110
GILEA A., VOLKOVA L.V.	The category of the "other" in the axiology of contemporary literary fairy tales of kazakhstan	122
ЖҰМАТАЕВА А.Н., МҰХАМЕДИЕВ Д.	Абай поэзиясындағы «жаңа қазақ әйелі» болмысының көркемдік аксиологиясы	131
ҚАСҚАБАСОВ С.А., КАРИПБАЕВ Ж.Т.	Алаш әдебиетіндегі фольклорлық негіздер	142
ҚЫДЫР Т.Е., ТАДЖИЕВ Х.Х.	«Нәһж әл-фәрадис» және XX ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиеті: рухани үндестік және дәстүр жалғастығы	153

МАУЛЕТ А., ТОЙШАНҰЛЫ А.	Шетелдегі қазақтарда сақталған фольклорлық-музыкалық кейбір жанрлардағы ортақ ерекшеліктер	164
МИРАЗОВА М.Н.	Сакралды кеңістіктегі үңгірлер	177
TOLEGENOVA R.K., AMANGELDIYEVA G.A.	The etymology of family conflict in modern women's prose	185
ШОРМАКОВА С.М., БЕЙСЕНҰЛЫ Ж., АБДИМОМЫНОВ Е.Б.	Әдеби-герменевтикалық талдау – көркем шығармаларды зерттеудің тиімді әдісі	193

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /  
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

BERDIKULOVA A., SHADIYEVA N., TEMUR N.	Test-type tasks used in the development of reading skills	202
ЕЛУБАЙ А.Б., ТЕМІРХАН Ж., АВАКОВА Р.А.	Мобильді қолданбалардың шетел тілін оқыту барысындағы нәтижесі және педагогикалық ескертпелері	212
НОСИЕВА Н.К.	Формирование кросс-культурной компетенции у изучающих казахский язык в качестве второго	221
УРАЗАЛИЕВА У., БЕКАЛАЕВА А.О., КАСЫМОВА Г.	Обучение через виртуальную реальность: результаты пилотного исследования английского языка	235

Т.Е. ҚЫДЫР<sup>1</sup> \*Х.Х. ТАДЖИЕВ<sup>2</sup> 

М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан<sup>1</sup>  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан<sup>2</sup>  
(e-mail: [qydyr.torali@gmail.com](mailto:qydyr.torali@gmail.com)<sup>1</sup>, [hammadulla\\_86@mail.ru](mailto:hammadulla_86@mail.ru)<sup>2</sup>)

### \*«НӘҢЖ ӘЛ-ФӘРАДИС» ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІ: РУХАНИ ҮНДЕСТІК ЖӘНЕ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

**Аңдатпа.** Кез келген мемлекеттің қалыптасу тарихында белгілі бір тарихи үдерістердің әсері болуы заңды құбылыс. Егемен Қазақстанның қалыптасу үдерісіндегі маңызды тарихи кезеңнің бірі Алтын Орда кезеңі деуге болады. Бүгінгі таңда аталған дәуірді насихаттауға мемлекеттік деңгейде назар аударылуының өзі бұл кезеңнің шын мәнінде маңызды құбылыс екендігін көрсетіп отыр. Үш жүз жылға жуық салтанат құрып, тарих толқынында ұланғасыр территорияны Қазақ еліне мұра етіп қалдырған бұл мемлекеттің әлемдік өркениетке қосқан үлесі мен саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени, рухани-әдеби мұраларын зерттеудің ерекше маңызы зор. Әсіресе, бұл кезеңде жазып қалдырылған әдеби мұралардың кейінгі дәуірлерде қазақтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуына жасаған әсерін зерттеп, бүгінгі жұртшылыққа насихаттау әдебиетші ғалымдардың негізгі міндеті дер едік. Міне, сондай әдеби жәдігерлердің бірі Махмұт бин Ғали әл-Бұлғари әс-Сараи әл-Кердеридің діни-дидактикалық сарында жазылған «Нәһж әл-фәрадис» (Жұмақтықтардың ашық жолы) атты еңбегі.

Мақалада орта ғасырлық әдеби жәдігердің түркі мұсылман халықтары әдебиетіндегі алатын орны мен ХХ ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиетіне тигізген әсері, ақындар шығармалары арасындағы рухани үндестік пен дәстүр жалғастығы салыстырмалы түрде зерттелді.

**Түйін сөздер:** Алтын Орда, Нәһж әл-фәрадис, Махмұт Кердери, қазақ жазба әдебиеті, рухани үндестік, дәстүр жалғастығы.

**Кіріспе.** Қазақ елінің ұлт болып ұйысып, тұтастай дербес мемлекет болып қалыптасуында түрлі тарихи кезеңдер мен тарихи тұлғалардың, саяси оқиғалар мен мәдени-әдеби жәдігерлердің өзіндік орны бар. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихындағы маңызды факторлардың бірі, сегіз ғасырға жуық уақыт бұрын Жошы ұлысының орнына құрылған Алтын Орда мемлекеті (XIII-XVI ғ.ғ.) кезеңі болды. Аталған дәуірді насихаттауға бүгінгі таңда мемлекеттік деңгейде назар аударылуының өзі бұл дәуірдің өзіндік ерекшелігі мен қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу жолындағы әсерін арттыра түседі.

Үш жүз жылға жуық салтанат құрып, тарих толқынында ұланғасыр территорияны Қазақ еліне мұра етіп қалдырған бұл мемлекеттің әлемдік өркениетке қосқан үлесі мен саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени, рухани-әдеби мұраларын зерттеп, әлемдік ғылыми кеңістікке алып шығудың ерекше маңызы зор. Әсіресе, бұл кезеңде жазып қалдырылған әдеби мұралардың кейінгі дәуірлерде қазақтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуына жасаған әсерін зерттеп, бүгінгі жұртшылыққа насихаттау – ұлттық бірегейлік пен әдеби дәстүрдің өзара байланысын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Ғасырлар тоғысындағы бұл байланыстарға негіз болған фактордың бірі – Ислам діні екені жасырын емес.

\* Мақала ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын АР14972895 «Алтын Орда және ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: рухани үндестік және дәстүр жалғастығы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Алтын Ордада мемлекеттік дін Ислам діні деп жариялануы бұл өлкелерде өмір сүрген халықтардың дүниетанымымен тікелей байланысты болса, екінші жағынан билік басындағы сұлтандардың Ислам дініне деген ерекше ықыласы деп те айтуға болады. Ал, бұл өлкелерде Ислам дінінің маңызының артуы көбірек Орталық Азиядағы Бұхара, Хорезм қалаларымен байланысты болды. Бұл пікірді татар ғалымдары Ф.Ш. Нуриева мен Э.Г. Сайфетдиновалар да қолдай отырып: «Влияние на народы, населявшие Золотую Орду, оказывали мусульманские ученые из Средней Азии, в частности, Бухары, Хорезма. Фактически, исламские правители Золотой Орды приняли от исламских проповедников, прибывших из этих мест» [1, 87], – деп пікір білдіріпті. Алтын Ордада мұсылмандық өмірдің күшеюіне ықпал еткен ханның бірі Өзбек хан болатын. «Ел басқару ісіндегі Өзбектің негізгі жетістігі – қол астындағы халықтың оннан сегіз бөлігі мұсылман болғандықтан өзі де сол дінді қабылдауы. Ел басқару үшін, оның дінін білу де, басқару да керек. Сондықтан имам, мүфти, қари, мүриттер, мұсылман саудагерлері Өзбек ханды дәріптеп, дәрежесі жоғарылай беруін тілеп отырған [2, 111]. Мұсылмандық өмірдің өркендеп дамуы, бұл дәуірде ислами әдебиеттің қарыштап дамуына себеп болды. Міне сондай, Алтын Орда тұсында жазылған шығармалардың бірі – Махмұт бин Ғали әл-Бұлғари әс-Сараи әл-Кердеридің (?-1360 ж.) діни-дидактикалық сарында жазылған «Нәһж әл-фәрадис» (Жұмақтықтардың ашық жолы) атты туындысы.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Алтын Орда кезеңінің өзінен кейінгі дәуірдегі әдебиетке ықпал еткен әдеби жәдігері — «Нәһж әл-фәрадис» (Жұмақтықтардың ашық жолы) еңбегі және XX ғасыр басында қазақ халқының ұлттық тәрбиесі мен діни сауатының оянуына әсер еткен қиссашыл ақындар шығармашылығы арасындағы рухани үндестік пен дәстүр жалғастығын зерттеу. «Нәһж әл-фәрадис» еңбегінде қозғалған мәселелердің тақырыптық-идеялық жағынан көлемді болуына байланысты біз «Пайғамбардың қасиеттеріне» арналған мәселелерге және олардың кейінгі қазақ жазба әдебиетіндегі орны мен маңызды тұстарына назар аудардық. Сондай-ақ тиісті деректерді қарастыруда зерттеу нысанына алынып отырған тақырыптың көкейкестілігіне және фактілердің алуандығына назар аударылды. Қарастырылып отырған тақырыптың негізгі қозғаушы факторы және тақырыпқа қатысты деректі материалдардың ең негізгілері Алтын Орда кезеңіндегі әдебиет пен XX ғасыр басында өмір сүрген, қазақ әдебиетінде қисса жанрының дамуына үлес қосқан өлеңдері мен дастандары арқылы Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) өнегелі өмірімен адамзатқа үлгі боларлық қасиеттерін насихаттаған ақындар, соның ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлы сынды діни-ағартушы ақындар шығармаларын салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдістері негізге алынды.

**Талқылау мен бақылау.** XIV ғасырда оғыз-қыпшақ-қарлұқ тілдерінің негізінде дүниеге келген бұл жәдігерді алғаш рет ғылыми айналымға түсірген татар ағартушысы Шихабуддин Мәржани еді. 1897 жылы ол «Мустәфәд әл-әхбәр фи әхуали Қазан уә Булгар» атты еңбегінде Махмұт Кердери және оның еңбегі жайлы тың деректер ұсынған. Араға жиырма тоғыз жыл салып ғалым Ахмет Зәки Уәлиди Тоған «Narezmdе yazılmış eski türkçe eserler» атты зерттеу еңбегін жазып «Нәһж әл-фәрадисті» Харезм өңірінде жазылған жазба ескерткіш ретінде ұсынады. Ал 1930 жылы Ялта шығыс музейінің ғылыми қызметкері Якуб Кемал бұл шығарманың Қырымдық нұсқасын «Тюрко-татарская рукопись XIV века «Нехджль-Фарадис» атты еңбегінде жариялайды. Осылайша ғылыми айналымға ене бастаған бұл жәдігерді А. Самойлович, Ш. Абилов, Э. Наджип, Б. Яфаров, Э. Фазылов, С. Вахиди Я. Экман, Е. Блоше, Ф. Көпрүлү, У. Киуаметдин сияқты түркітанушы ғалымдар зерттеген. Соңғы жылдары бұл шығармаға деген қызығушылық бауырлас түркі халықтарында да артып келеді. Солардың қатарында түрік ғалымы Билал Актан тарапынан 2017 жылы жарияланған Nehcü'l-Ferâdis (Cennetlerin açık yolu), тілші ғалым Ф. Нуриеваның «Нахдж ал-Фарадис» Махмуда ал-Булғари» (1999 ж.), «Мәхмүд әл-Болғари. Нәһжел-Фәрадис» (2002 ж.), Болгар елінде М.А. Усманов атындағы Алтын Орда және татар хандығын зерттеу орталығы мен Ш. Маржани атындағы тарих институты ғалымдары тарапынан жарық көрген «Путь в Рай» (2019 ж.) атты еңбектерін атауға болады.



Шығарма авторының аты-жөні – Ғали ұлы Махмұт. Автордың әл-Бұлғари әс-Сараи әл-Кердери деген тахаллусын ғалымдар Махмұттың Бұлғарда туылып, Алтын Орданың орталығы болған Сараи қаласында өмір сүргендігімен байланыстырады. Ал, осындағы Кердер (Кардар) деген атауға келгенде ғалымдар пікірі үшке бөлінген. З.У. Тоған, Ф. Көпрүлү, Я. Кемал секілді ғалымдар әл-Кердери деген атауды автордың көне Харезм төңірегіндегі Кердер шаһарынан білім алғандығымен байланыстырады [3, 24], [4, 5], [5, 28]. Ал, 1930 жылы Қырым нұсқасын жариялаған Я. Кемал: «Курдер находится в Харезме на востоке от Куне-Ургенч между современными Ене-Калем и Чимбаем; в прежнее время он считался известным городом» [1, 246], – деп Махмұт бин Ғалиды Харезм аймағында дүниеге келген десе, Б. Яфаров: «Кәрд сүзе күп жирдә Болгар сүзе белән бәйләнәп йори. Ш. Мәржәнинең «Мостафад әл-Әхбар» китабында Кәрд Болгар... искә алына, шулай ук Ленинградта Көнчыгышны өйренү институтында В 344 шифрындагы кульязма эчендә Кәрд Болгарны мактаган фарсыча шигыр бар. Менә б мәгълүматлар Болгар илендә берәр авыл я шәһәр яки Болгар шәһәре тирәсендәге район түгелме икән дигән фикергә китерә» [5, 30], – деп Кердердің Болгар төңірегінде болуы мүмкін бір жер екендігі туралы өзінің ойын ортаға салған. Десек те, белгілі түркітанушы ғалым Ә. Нәжіптің «Нәһж әл-фәрадистің» Санкт-Петербург нұсқасын зерделей келе: «Как известно, многие из казахских родов и племен входили тогда в состав Золотой Орды. Племена, входившие в состав «киши жуз» кочевали в непосредственной близости от культурных центров государства в низовьях Волги. «Киши жуз» в свою очередь распадался на 1) «Алим улы»; 2) «Бай улы»; 3) «Жети уру». «Жети уру» распадался на семь крупных родов, одним из которых и был род «Курдер». Следовательно, мы нашего автора можем по происхождения связать с родом Курдер. Тогда мы уточнили бы его биографию так: Махмұт бин Али родился в Булгаре, жил и творил в Сарае и происходил из рода Курдер», – деген ойы көңілге қонымды екенін ерекше атап өткен жөн [1, 248].

«Нәһж әл-фәрадис» біздің заманымызға дейін бірнеше нұсқада жетіп келген. Татарстан орталығы Қазанда жеті (Н.И. Лобачевский атындағы Ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде – 4; Г. Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және сәнгать институты кітапханасында – 2; Қазан мемлекеттік педагогика университетінде – 1), ал, Уфа, Ульянов және Астраханда бір-бір нұсқасы сақталған. Сонымен бірге Санкт-Петербургтағы Шығыстану институты архивында «Нәһж әл-фәрадистің» екі нұсқасы бар [6, 5].

Десек те ғылымға белгілі ең көне нұсқа – Стамбұлдағы Сүлеймания кітапханасының Йени Жәми бөлімінің 879 нөмірде сақталған қолжазба болып есептеледі. Бұл қолжазбаның басқа нұсқалардан басты айырмашылығы – біріншіден, көшірілу тарихы жағынан автор заманына жақындығы болса, екіншіден, толық нұсқада сақталуы дер едік (Бұл нұсқа 34×25 см. пішімде, әр бетте 17 жолдан тұратын 222 парақ, яғни 444 беттен тұрады). Қою қара сиямен жазылып, кейбір жерлер ерекшеленіп қызылмен берілген бұл нұсқа тікелей автор тарапынан жазылмағанымен де, соның көзі тірісінде көшірілген. Насх көркем жазуымен көшірілген қолжазбаның соңында кәгіп (көшіруші): «Бұл кітап тарих жеті жүз алпыс бірде, Алланың қасиетті айы – Жумәдул-улә айының алтыншы күні сәске (біздің жыл санақ бойынша 1360 жылы наурыздың 22-сі – Т.Қ.) уақытында аяқталды. Және бұл кітаптың авторы осы жексенбі күні өткізінші дүниеден мәңгілік дүниеге аттанды» [7, 341], – деп шығарма авторының, яғни Махмұт әл-Кердерінің екі-үш күн ғана бұрын дүниеден өткеніне тоқталған.

Бүгінгі ғылымға белгілі бұл қолжазбаны ғылым әлеміне танытқан Зәки Уәлиди Тоған болғанымен де, көне нұсқаға жарық өмір сыйлаған түркітанушы Я. Экман болатын. Ол Стамбул нұсқасын 1956 жылы Түркияда жариялады. Содан бері де бірнеше рет жарық көрді.

Сонымен бірге 1928 жылы Қырымнан табылған қолжазба да, көшірілу тарихы жағынан көне нұсқа болып есептеледі (1390 жылы Мұхаммед ұлы Қасым тарапынан көшірілген). Бұл нұсқа туралы алғаш мәлімет берген Ялта шығыс музейінің қызметкері Я. Кемал болатын. Өкінішке қарай, 549 беттен тұратын қолжазба жоғалған.

Көнеден жеткен шығарманың кейбір нұсқалары біздің заманымызға дейін жетіп келмегенімен де, негізгі деген сенімді қолжазбаның сол қалпы сақталғанын ерекше атап өткен жөн. Әрі жазылу тарихы жағынан автор өмір сүрген заманға жақындығы да Стамбул нұсқасының толықтығына әрі заман тезінен өтіп, әртүрлі «өңдеу, түзетулерден» аман сақталғандығына толық кепілдік берсе керек.

«Нәһж әл-фәрадин» композициялық құрылымы негізінен үлкен төрт баптан тұрады. Әр бапта он бөлім бар. Әр бап белгілі бір тақырыпты көтерген. Ішкі бөлімдерде сол тақырыптың мазмұны ашылған. Бұл туралы Махмұт әл-Кердері: «Осы хадиске сүйеніп, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хадистерінен сенімді кітаптардан қырық хадисті топтастырды. Және осы хадистерге лайықты хикаяларды пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) ахуалынан, тағы Хуләфәи рашидин жағдайынан, ғұлама және машайық ахуалынан құрастырып, бұл кітапты төрт бапқа бөлді. Және әр бапты он бөлімге бөлді және әр бөлімнің басына бір хадисті келтірді. (Осылайша) пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хадистерінен жиынтығы қырық хадис болады», – деп түйіндеген.

Әр бөлім Мұхаммед пайғамбардың бір хадисімен басталып отырған. Автор сол бөлімде пайғамбар өсиетінің хақтығын сахаба-табиғиндер мен әулие-әнбиелердің даналық сөздерімен, сондай-ақ олардың өмірлеріне қатысты қызықты хикаяларымен жеткізуге тырысқан. Бір бөлім бір тақырыпқа ғана арналғандықтан автордың айтар ойы тиянақты, жинақы берілген. Ахлақ, тәлім-тәрбие секілді адами асыл қасиеттерден тұратын бұл еңбегін жазарда Махмұт әл-Кердері Ислам әлеміне танымал болған Имам Мұхаммед Бұхари, Имам Әбу Иса Термизи, Әбу Жүсіп әл-Қази, Имам Мұхаммед Башрауи, Имам Ғазали, Имам Шағбан ибн Мәһди, Имам Әбу Ләйс Самарқанди, Имам Бағауи, Имам Сағани секілді т.б. мұхаддис, фақих ғалымдардың еңбектерінен пайдаланған.

Сонымен қатар шығарманы көшіруші: «Бұл кітап тарихы жеті жүз алпыс бірде, Алланың қасиетті айы – Жумәд әл-улә айының алтыншы күні күшлық уақытында аяқталды. Және бұл кітаптың авторы осы жексенбі күні өткінші дүниеден мәңгілік дүниеге аттанды» [7, 341], – деген сөзінен шығарма авторымен жақсы таныс болған деуге негіз бар.

Кердері жиырма үш жылдық пайғамбарлық кезеңнің негізгі тұстарын ғана алған. Әрі әрбір бөлімді пайғамбар өміріндегі мұғжизалы оқиғалар және өсиеттерімен бастап отырған. Мысалы: «Имам Бағауи (Алланың оған мейірім болсын) «Мәсабиһ» деген кітабында мына хадисті келтіріпті Хадистің мағынасы мынау: Анас ибн Мәлік риуаят етеді: «Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) миғраж түні Жебірейіл Пырақ алып келді. Жүген салынды, ер салынды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Пыраққа мінбекші болып еді, пырақ асаулық танытты. Жебірейіл: «Ей, Пырақ, Мұхаммедке асаулық танытып тұрсың ба? Хақ Тағаланың қасында саған Мұхаммедтен құрметті, Мұхаммедтен ардақты ешкім де мінбеген», – деп еді, Пырақ жуасып, тері аға бастады» [7, 52], – деп миғраж оқиғасын баяндайды.

Кердері хадисті Имам Бағауидің «Мәсабиһ» атты еңбегінен алып, талдауға кіріскен.

Ал хадис Анас ибн Мәліктен, ол Әлидің (Алла одан разы болсын) қарындасы Умми Ханиден өрбітеді. Умми Хани пайғамбардың өз аузынан естігенін баяндайды: «Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) бір түні бізге қонақ болды. Жолдасым Хубайра да бар еді. Таң атқанда пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Умми Хани, мен саған бір ғажап хикая айтып берейін бе?», – деді. Мен: «Ей, Алланың елшісі, айтып беріңіз!», – дедім. Пайғамбар (ғ.с): «Осы түні Жебірейіл мен Микәйіл келді, (өздерімен) бір жануар алып келді. Ол жануардың аты Пырақ еді. Қашырдан кішірек, есектен үлкендеу, жүзі адамның жүзі секілді, құйрығы мен тұяғы інгеннің құйрығы мен тұяғына ұқсайды. Егер жерде (мініп) жүрмекші болсам, бір адымын мұнда басса, екінші адымы көз ұшы жететін жерді басады. Егер жоғары жаққа баруды қаласам, аспанда құстай ұшады. Реңі ақ түсті» [7, 341].

Мұнда басты назар аударатын мәселенің бірі, жоғарыда айтқанымыздай, Кердері хадистерді ең сенімді дереккөздерден алуға тырысқан және Пайғамбарымыз өміріндегі ең маңызды оқиғалар жайлы сөз қозғаған. Олай дейтін себебіміз, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) өміріндегі елеулі мұғжизалардың бірі – Миғраж оқиғасы болатын. Бұл оқиғаның

ислами әдебиет тарихында алатын ерекше орны мен кейінгі дәуірлерде түркі мұсылман халықтарының мәдениеті мен әдебиетіне, әсіресе қазақ жазба әдебиетіне тигізген әсері мол. Сонымен, Миғраж – арабша «саты», «баспалдақ» дегенді білдіретін қасиетті ұғым. Миғраж сөзінің түбірі араб тіліндегі «уруж» яғни «көтерілу» сөзі. Осы түбірден миғраж – «көкке көтерілу сатысы» мағыналары келіп шығады. Миғраж оқиғасы туралы Құран кәрімнің бес жерінде (15/14; 32/5; 34/2; 57/4; 70/4) сөз болса, екі орында «Меариж» яғни «сатылар» (70/3; 43/3) мағынасында зікір етілген [8, 230].

Шарғи мағынасында Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) Жәбірейілмен (ғ.с.) бірге пыраққа мініп, белгілі бір сәт ішінде Мекке қаласынан Құддысқа баруы «Исра», – деп аталады да, ол жерден жеті қабат аспанға сапар шегуі, аспанның әрбір қабатында өзінен бұрын өткен пайғамбарлармен кездесуі, жәннат пен тозақты көруі, Сидрәтул-мунтаһаға көтеріліп, Жаратушының бүкіл мұсылман үмбетіне парыз етіп бұйырған «Намаз» құлшылығын аманат ретінде қабылдауы, үмбетіне шапағат ету құқығының берілуі сынды көптеген мұғжизалы оқиғаларын қамтыған термин ретінде «Миғраж» мұғжизасы қолданылады.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қасиетті сапарында орын алған міне, осы керемет мұғжизалары бұл тақырыпқа көптеген шайырлардың ат басын бұрып, пайғамбардың өнегелі өмір жолын адамзатқа үлгі етуіне негіз болды. Әдебиетте мұндай шығармалар «Миғражнамалар», – деп аталды. Осылайша, түркі халықтары ислами әдебиетінде «Миғражнамалар» жеке жанр деңгейіне көтерілген. Сондықтан да, Мұхаммедтің (Алланың оған сәлемі болсын) өнегелі жолын көркем сөзбен үгіттегісі келген ақын-шайырлардың бәрі де осы оқиғаны суреттеуге ерекше күш салған. Әрі Миғраж оқиғасы ғайып ғажайып, тылсым оқиғаларға тола болғандықтан да, ондағы образдар мен сюжеттерді беруде қаламгерлер бар өнерлерін салған.

Миғраж оқиғасы жайлы сөз қозғаған қаламгерлер, негізінен, үш сатыға басты назар аударады. Мұны Миғраж оқиғасының үш композициясы деуге болады:

Бірінші саты, Исра деп аталып, Мұхаммедтің Жәбірейіл және пырақтың (желдей тез ұшатын ат сияқты бір махлұқ) көмегімен Мекке шаһарынан Құддыстағы Сүлеймен (ғ.с.) салдыртқан Мешіт Ақсаға баруы, онда екі ракағат намаз оқуы, әрі жол-жөнекей бірнеше қызықты жағдайларға кезігуі, бұрынғы өткен пайғамбарлармен сұхбаттас болып, одан ары көкке қарай жол тартуы;

Екінші саты, Миғраж. Онда Мұхаммедтің Ақса мешітінен ғарышқа ұшуы. Яғни, алами сағирдан (кіші әлемнен) алами кәбирге (үлкен әлемге) баруы. Жолда бірнеше таңғажайып оқиғаларға тап болып, Мұса, Ибраһим, Сүлеймен, Иса секілді Алла елшілері мен періштелерді кездестіріп, олармен сұхбаттас болуы. Жетінші көкте Сидрат әл-Мунтаһаға жеткенде өзімен бірге бара жатқан Жәбірейіл мен пырақтың сыртта қалуы, кейбір қабаттарда ғажайып періштелердің мойнында серуендеуі. Одан соң Аршы-Күрсі, Лаухы Қалам және Ләмәкән әлемі, «қаба қаусәйн», «ау адна» мақамдарына жетуі, Алла дидарын көріп, онымен сұхбаттас болуы, қайтып келе жатып жәннат пен дозақтың мән-жағдайын аңғаруы. Ондағы рахат пен азабтың айырмашылығын сезінуі, үмметінің күнәсін Алладан сұрауы, бірнеше ғажайып махлұқтар мен сырлы дүниелерге қанық болуы;

Үшінші саты, Нузул деп аталып, Мұхаммедтің жолда келе жатып және бірнеше оқиғаларды көруі, содан өз үйіне қайта келуі. Кейбір деректерде пайғамбардың көктен келгенінде жатқан орны әлі суымағаны, ашып кеткен есігі әлі қозғалып, дәрет алған суы әлі шайқалып тұрғаны сөз болады [9, 58].

Ғалым Метин Акар (Metin Akar) түркі халықтары әдебиетінде бұл тақырыпта алғаш рет қалам тербеген шайыр Сүлеймен Бақырғани (Хакім Ата) екенін айтса, зерттеулеріміз қорытындысында бұл тақырыпта алғаш рет сөз қозғаған ақын – сопылық поэзияның негізін салушы, данышпан, ойшыл, Бақырғанидің ұстазы Қожа Ахмет Ясауи екені белгілі болды. Бұл пікір ғалым Мехмет Темизкан (Mehmet Temizkan) тарапынан да қолдау тапқанын көруге болады [10, 165].

Ясауи өзінің «Хикаяти меъраж» деп аталатын хикметтерінің тізбегінде былай жырлаған:

Әйа достлар, баян әйләй Хақ расулдын,  
Үммәт болсаң ештіб дуруд әйтиң достлар.  
Ул «Раһмәтән лил әләмин» жузу куллдін,  
Үммәт болсаң ештіб дуруд әйтиң достлар...

Хикмәт қылды «Меъраж» сөзін Құл Хожа Әхмәд,  
Шүкрилиллаһ Мустафаға қылды фәрзәнд.  
Арслан бабам хурма беріб қылды хурсаңд,  
Чін үммәтсен ештіб дуруд әйтиң достлар [11, 71].

Мағынасы: «Ей, достарым, Хақ Расулы (Алла елшісі) жайлы сөз қозғайын, егер оған үмбет болсаң, мұны естігенде мақтау айт. Ол әлемдердің рахметі, шапағатшысына үмбет болсаң, мұны естігенде мақтау айт. Құл Қожа Ахмет Миғраж оқиғасын хикметпен баян етті, Аллаға шүкір Мұстафаның ұрпағынан болуды жазды. Арслан бабам құрма беріп қуантты, шын үмбет болсаң, мұны естігенде мақтау айт».

Ясауидің атақты шәкірттерінің бірі, Сүлеймен Бақырғани де Алла елшісінің (с.а.у.) өміріндегі осы бір елеулі оқиғаға арнап «Миғражнама» атты шағын поэзиялық туынды жаратты. Онда пайғамбардың пырағын ақын былай суреттеген:

... Расул шығып келді,  
Қарады, пырақты көрді,  
Хақ шеберлігін көріп ап,  
Аң-таң болып қалды-йә.

Жүзін нұрдан жаратқан,  
Көзі гауһардан жаратқан,  
Еріндері лағылдан,  
Тісі дүрден еді-йә.

Басы оның інжуден,  
Құлақтары ақықтан,  
Тұмсығы оның зәбәржад,  
Тісі маржан еді-йә [12, 409-410].

Бақырғани пырақты бастан-яқ көркем суреттеп шыққан. Оның жүзі нұрдан, көзі гауһардан, ерні лағылдан, басы інжуден, құлақтары ақықтан, тісі маржаннан, қанаттары жақұттан, сүйектері изумрудтан, еті мен іші жұпар иістен жаралған. Пайғамбар пырағының бейнесін беруде ақын өзіне белгілі бар асыл тастарды санамалап шыққан деуге болады. Бақырғани одан әрі оның түгін жұпардан, жал-құйрығын райханнан, аяқтарын гауһардан, тағасын алтынның жаратады. Пырақтың бойы аттан үлкендеу, түйеден кішілеу екенін айтады. Тіпті оның үстіндегі ерін қызыл жақұттан жаратқан. Осыдан-ақ, Бақырғанидың пырақты суреттеуге ерекше ден қойғанын аңғаруға болады.

XV ғасырда атақты Әмір Темірдің ұлы Шаһруһтың арнайы тапсырмасымен 1436 жылы Мир Хайдар есімді сарай ақыны «Миғражнама» атты көлемді шығарма жазып, ол Герат қаласында Малик Баһши есімді хаттат (каллиграф) тарапынан хатқа түсіріледі. Шығарма 1673 жылы Антони Галланд тарапынан сатып алынып, Францияның Колберт кітапханасына тапсырылыпты. Бүгінгі таңда Париж қаласындағы Ұлттық кітапханада сақтаулы бұл еңбек сол Шаһруһ тарапынан жаздырылған нұсқа, – дейді Ғалым Чағлар Дениз (Çağlar Deniz) [8, 262]. Бұл тарихи деректі басқа да түркітанушы ғалымдар толықтыра түскен. Мысалы, «Миғражнама» шығармасының ғылымға белгілі екі нұсқасы жайлы тілші ғалым Саадет Чағатай (Saadet Çağatay): «Алғашқысы ұйғыр әрпімен жазылған Франция нұсқасы, екіншісі араб әрпімен жазылған Истанбул нұсқасы. Ұйғыр әрпімен көшірілген мәтін 1436 жылы Гератта Малик Баһши тарапынан хатқа түсірілген» [13, 175] десе, ғалым Жиһан Доған (Cihan Doğan) шығарманың араб әрпімен жазылған нұсқасын Павел де Куртилле

(Pavet de Courtille) есімді аудармашы француз тіліне аударғанын жазады [14, 55]. Ал, ғалым Грубер (Gruber) Миғражнама еңбегінің бұл нұсқасы жайлы былай дейді: «Шығарманың ұйғыр тіліндегі нұсқасы Тимуридтердің саяси-экономикалық, мәдени-рухани тұрғыдан кемелденген тұсында Сұлтан Шаһруһ заманында жазылған. Бұл шығарманың Сұлтан Шаһруһ заманында жазылуы оның Миғраж оқиғасына қызығушылық танытқанынан ғана емес, керісінше ата-бабаларынан келе жатқан ескі моғол дәстүрлерінен түгелдей бас тартып, мемлекетін хақ дін Ислам шариғатымен басқаруды мақсат еткендігінен және Құран мен хадиске негізделген «Миғражнама» шығармасын насихаттаудан туған» [15, 266].

**Нәтижелер.** Алтын Орда тұсында жазылған бұл құнды еңбек өзінен кейінгі дәуірлерде жазылған әдеби мұраларда көрініс тауып, рухани үндестік пен дәстүр жалғастығына ұйытқы болды. Әсіресе ХХ ғасыр басында қазақ жазба әдебиетіндегі Пайғамбардың өнегелі өмірін жырлау дәстүрі сөзіміздің айқын дәлелі бола алады. Бұл кезеңде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді төре Жәңгірұлы, Жүсіп Сайрамы сынды ақындар шығармалары арқылы пайғамбар өмірін поэзия тілімен жырлады.

Діни-ағартушы ақын ретінде қазақ жазба әдебиетінде өзіндік жол салған тұлға, өмірін ұрпағына рухани мұра қалдыруға арнаған ойшыл – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дүниетанымында иманның орны ерекше. Ал, иманның негізгі шарттарының бірі болып табылатын «Пайғамбарларға сенім» мәселесі де қоғамның рухани тәрбиесімен айналысқан ұстаз үшін маңызды болғанын ақын шығармашылығын зерттеу барысында көз жеткізіп отырмыз. «Бес жастан «бисмиллә», – деп жаздым хатты, бұл тағдыр жастай тиді маған қатты», – деп ақын жазғандай, бес жасынан молдадан хат таныған Адам Жүсіп алғаш Баяндағы Нәжмеддин хазіреттен сауатын ашса, 8 жасында Қамариддин хазіреттің берген тағылымымен білімін шыңдай түскен. Ал, Бұхарадағы жоғары оқу орнында алған діни білімдерінің нәтижесі оның нағыз Ислам ғылымы жолында пісіп жетілуіне себеп болғандай. Мәшһүр Жүсіп өзінің «Миғраж» атты шығармасында:

Әуелі бисмилладүр сөзім басы,  
Тыйылмас булықса да көздің жасы.  
Миғражын ән хазіретінің тамаша қып,  
Сөйлеген ақын Мәшһүр хикаясы.

Құдайым жарылқай ма көптен, аздан,  
Ойым бар келсе күшім, Қағба қажыдан.  
Жарандар құлақ салып тыңдасаңыз,

Азырақ сөз қозғайын Миғраждан [16, 146], – деп Миғраж оқиғасын қазақ даласында қайта жаңғыртса ХХ ғасыр басында өмір сүрген ақын Жүсіп Сайрамидің қолжазбаларын парақтағанымызда, Пайғамбарымыз Миғражына арналған мына өлең жолдары ақындардың бұл тақырыпқа қанық екендігін тағы бір рет дәлелдеп берді. Сайрамы:

Бір кечә бардың һәрәмдін Мәсжиді Әқсағача,  
Хәмраһиң Руһул қудс та алами балағәчә,  
Күрсийу лауһу қалам, әрші ула әлағәчә,  
Сәйр қылдың қаба қәусәйнәу «әу әдна» гәчә,  
Лүтф қылса хақ мәнгә тәуафи һәрәм, йа, Мұстафа,  
Рәузәи пакиңгә барсам, дидә нәм, йа, Мұстафа [17, 135].

Мағынасы: Бір түнде Харам мешітінен Ақса мешітіне дейін бардың, Жолдасың Руһул Құдус (Жәбірейіл) Күрси мен Лауһул қалам һәм Аршы Ағлаға дейін апарды. Сайрандадың Қаба қаусайн мен «Әу әднаға» дейін. Ия, Мұстафа, Хақ тағала бұйырса маған Қағбаны тәу етуге, қасиетті қабіріңе барсам деймін, ия, Мұстафа – десе, Шәді ақын «Сияр шәриф» деген еңбегінде Мұхаммедтің (Алланың оған сәлемі болсын) өмір тарихын бастан-аяқ өлең сөзбен өрнектеп шыққан. Осы көлемді туындының арасында Шәді ақын Миғраж оқиғасына ерекше назар аударып, бір бөлімін «Миғражнаме-е Анхазірет», яғни «Сол Хазіреттің миғражнамасы»,– деп атаған.

Ия, Алла, рахметің көп Рахман атың,  
Әшкере инс, жынға есім затың,  
Фазылыңмен айтпағыма асан айла,

Досыңның миғраж барған хикаятын [18, 52], – деп, Шәді ақын Миғраж оқиғасын бастан-аяқ поэзиямен өрнектепті.

Махмұт Кердері пайғамбардың Сирдрәт әл-Мунтаһада көрген оқиғаларын өзіне дейінгі сияр еңбектерінде келетін мәліметтер негізінде жіті баяндап шыққан. Ондағы әрбір сәтті оқырманға сол қалпында жеткізуге барын салған. «Сидрат әл-Мунтаһаға жеткен уақытымда періштелер қарсы алу үшін алдымнан шығып, сәлем берді. Үш тостаған алып келді: бірінің ішінде арақ бар еді, тағы бірінде әсел бар еді, енді бірінің ішінде сүт бар еді. Осы үш тостағанды алдыма тосып еді, мен сүт тостағанды алып, іштім. Арақ құйылған тостаған мен әселі бар тостағанды алмап едім, жаңағы періште: «Ей, Мұхаммед, мына сүтті тостағанды таңдап қандай жақсы істедің! Үмметтерің дүниеде иманмен өтеді және дүниеден өтерде иманмен өтеді», – деді. Мен қуандым», – деп автор Алла елшісінің сүтті ішкенін жазады [7, 55].

Ал, ХХ ғасырдың басында Шәді төре Жәңгірұлы осы сәтті былайша суреттепті:  
Ішінде есебі жоқ көшкі тұрған,  
Бағысы лағыл, жақұт, жауһарлардан.  
Зумуррад қызыл алтын, ақ күмістен,  
Көшкінің әрбіріне кангере қылған.

Жәннатта төрт дарияны және көрді,  
Сүт пен су һәм әсел мен хамыр еді.  
Бұл дүние ол дарияға қарағанда,  
Сахарада бір титімдей көрінеді [18, 122].

Араб, парсы һәм түркі халықтар әдебиетінде «Миғражнамалар» көп жазылғандықтан да, кейбір ғалымдар оны жеке жанр ретінде қарастыру керектігін алға тартқан. Бұдан өлең үлгісімен жазылған миғражнамалардың табиғатын зерделеп, содан соң ғана оның жанрын анықтау мәселесі алға шығатыны анық.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің пайда болуында негізгі қозғаушы күш болған Алтын Орда мемлекетіндегі басты құндылықтардың бірі бұл – Ислам дінінің мемлекеттік дін деңгейіне көтерілуі еді. Бұл жағдай ел арасында шарият шарттарының кеңінен насихатталуына жол ашып берді. Қоғамда араб тілін жетік меңгерген, Құран мен Пайғамбар хадистерін бұқара халыққа түркі тілінде түсіндіріп беретін ғалымдарға сұраныс артты. Ғалымдар Ислам тарихы мен оны адамзат баласына көркем үлгіде жеткізген Мұхаммед пайғамбар жайлы шығармалар жазуды қолға алды. Бүгін бүкіл түркітанушы ғалымдар мақтанышпен жариялап отырған «Қисас ул әнбия», «Нахж әл-фәрадис», «Жұм-Жұма», «Мұғин ул мүрид» сынды ондаған жазба жәдігерлер сол кезеңде қоғамға Ислам дінін насихаттау арқылы ізгілікті таратуды мақсат еткен Бұрхануддин Рабғұзи, Махмұт Кердери, Хұсам Катиб сынды сөз зергерлері тарапынан жазып қалдырылған еді. Осы жазба мұралар арасында Махмұт Кердеридің «Нахж ул-фәрадис» еңбегі Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) қырық хадисін жинақтаған дидактикалық шығарма ретінде оғыз, қыпшақ тайпалары арасында үлкен серпіліс жасады деген түйінді ойға келдік. «Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) ерекше қасиеттері туралы», – деп аталатын тараудағы түркі мұсылман халықтарының әдебиетінде кеңінен тараған Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) «Миғраж оқиғасы» өзіне дейінгі дәстүрді жалғастыра отырып, бұл тақырыптың ары қарай дәстүрлі түрде жалғасуына жол салды деуге болады. Өйткені, зерттеу барысында көз жеткізгеніміз, түркі халықтары әдебиетінде, оның ішінде қазақ даласында «Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) ерекше қасиеттері туралы» жыр-дастандар көптеп кездесіп отыр. Әрине, ХІҮ-ХХ ғасырлар арасында түркі халықтарының өміріне ерекше әсер еткен бұл жазба жәдігерлерді өзінен бұрынғы және өзінен кейінгі мұралармен салыстыра зерттеу, генезисін айқындау болашақ ғылыми зерттеулерге жол ашары сөзсіз.

Түркі халықтары әдебиетінде сөз өнерін қастерлеген шайырлар бұл жолды өздеріне үлгі ете отырып, әдеби дәстүрге айналдырғанын ескерсек, XX ғасыр басында өмір сүрген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлы, Жүсіп Сайрамы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Нұралы Нысанбайұлы сынды ақындар Мұхаммед пайғамбардың тарихта қалдырған өнегесін поэзия жолымен жырлап, қазақ жазба әдебиетіндегі қиссашылдық дәстүрдің дамуына өзіндік үлес қосқанын көреміз. Қазақ халқының діни санасының өсуі жолында қызмет еткен бұл ақындардың сусындаған бұлағы орта ғасырлық жазба жәдігерлер екеніне тақырыпты зерттеу барысында көз жеткіздік. Түркі халықтары әдебиеті тарихында бұл тақырыптың өте аз зерттелген тақырыптардың бірі екенін ғалымдар назарына ұсына отырып, алдағы уақытта бұдан да терең зерттеулерге жол ашылады деп үміттенеміз.

## Әдебиеттер

1. Нуриева Ф.Ш., Сайфетдинова Э.Г. Религиозный трактат «Нахдж ал-Фарадис» Махмуда ал-Булгари (1358 г.) как источник по истории духовной культуры Золотой Орды //Золотоордынское обозрение. – 2018. – Т. 6. – № 1. – С. 85-100. <https://doi.org/10.22378/2313-6197.2018-6-1.85-100>
2. Орда Г.Ж., Сарсенбаева Ж.Б., Есенберлин І. «Алтын Орда» тарихи трилогиясындағы мемлекеттік идея және тарихи тұлға тұжырымдамасы // Керуен ғылыми журналы. – 2023. – Т. 79. – №2. – Б. 98-115. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-08>
3. Наджип Э. Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. – Туркестан: Туран, 2007. – 268 с.
4. Eckmann J. Nehcül-Feradis. Uştmaһlarınғ açuq yolu /Cennetlerin açık yolu/. – Ankara, 2004. – 538 s.
5. Нуриева Ф. «Нахдж ал-фарадис» Махмұта ал-Булгари. – Казань: 1999. – 208 с.
6. Мәхмұд әл-Болгари. Нәһжел-Фарадис. – Казан: 2002. – 225 б.
7. Махмұт әл-Кердери. Жұмақтардың ашық жолы. (Құрастырған: Т. Қыдыр). Әдеби жәдігерлер сериясы. 10-том. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2010. – 480 б.
8. Çağlar D. A. Mucizenin ikonografisi: Miraç ve Miraçnameler // Alevilik-Bektaşilik Araştırmaları Dergisi. – 2019. – №19. – В. 225-283.
9. Рафиддинов С. Мажоз ва хақиқат. – Тошкент: 1995. – 225 с.
10. Temizkan M. Ahmed Yesevi'nin Miraç-nesmesi ve Etkileri üzerine bir inceleme. // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi / Journal of Turkish World Studies. 16/2. – Kış-Winter, 2016.
11. Яссавий Ҳожа Аҳмад. Девони хикмат. Нашрга тайёрлаганлар: Ҳаққул И., Ҳасан Н. – Тошкент: Наврӯз, 2018. – 360 б.
12. Сүлеймен Бақырғани. Ақырзаман. Әдеби жәдігерлер сериясы. 7-том. –Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. – 480 б.
13. Çağatay S. Türk lehçeleri Örnekleri, VIII Yüzyıldan XVIII Yüzyıla Kadar Yazı Dili. No. 9. – Ankara: – 1977.
14. Cihan D. Mirâc-name Harezmi türkçesiyle mi yazılmıştır. – Ankara: Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi, Türkoloji Dergisi, 22.1, 2018.
15. Gruber, Ch. J. The Timurid Book of Ascension (Mi'rajnama): A Study Text and Image in a Pan-Asian Context. – Valencia: Patrimonio Ediciones in collaboration with the biblioteque nationale de France, 2008.
16. Көпейұлы М. Шығармалары. – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ, 2003. – Т. 2. – 384 б.
17. Сарёмий Ю. Асарлар. Нашрга тай: Қосимов Б., Тожибоева М. – Тошкент: Маънавият, 2002. – 167 б.
18. Жәңгірұлы Ш. Назым Сияр Шәриф. Алматы: Арыс, 2003. – 426 б.

**Т.Е. КЫДЫР**

Институт литературы и искусства имени М. Ауэзова, Алматы, Казахстан

**Х.Х. ТАДЖИЕВ**

Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**«НАХДЖ АЛЬ-ФАРАДИС» И КАЗАХСКАЯ ПИСЬМЕННАЯ ЛИТЕРАТУРА НАЧАЛА  
XX ВЕКА: ДУХОВНАЯ ГАРМОНИЯ И ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИИ**

**Аннотация.** Влияние тех или иных исторических процессов и исторических событий на историю становления любого государства является закономерным явлением. Одним из важнейших исторических периодов становления независимого Казахстана является период Золотой Орды. Сегодня пропаганда указанной эпохи на государственном уровне показывает, что этот период является действительно важным явлением. Особое значение приобретает изучение политико-социального, историко-культурного, духовно-литературного наследия этого государства, отметившего почти трехсотлетнюю историю и оставившего древнюю территорию в наследство казахскому народу. В частности, можно сказать, что главной задачей литературоведов является изучение влияния литературного наследия, записанного в этот период, на формирование казахского национального мировоззрения в более поздние эпохи и пропаганда его среди современной общественности. Работа Махмута бин Гали аль-Булгари ас-Сараи аль-Кердери, написанная в религиозно-дидактической рубрике под названием «Нахдж аль-Фарадис» («Открытый путь рая»), одна из таких литературных реликвий.

В статье изучено место средневекового литературного реликта в литературе тюрко-мусульманских народов и его влияние на казахскую письменную литературу начала XX века, духовную гармонию и преемственность традиции между произведениями поэтов.

**Ключевые слова:** Золотая Орда, Нахж аль-Фарадис, Махмут Кердери, казахская письменная литература, духовная гармония, преемственность традиций.

**T.E. QYDYR**

Institute of Literature and Art M. Auezov, Almaty, Republic of Kazakhstan

**KH.KH. TADZHIYEV**

M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan

**«NAHJ AL-FARADIS» AND KAZAKH WRITTEN LITERATURE BEGAN XX TH  
CENTURY: SPIRITUAL HARMONY AND CONTINUITY OF TRADITION**

**Annotation.** The influence of certain historical processes and historical events on the history of the formation of any state is a natural phenomenon. One of the most important historical periods in the formation of independent Kazakhstan is the period of the Golden Horde. Today, propaganda of this era at the state level shows that this period is a truly important phenomenon. Of particular importance is the study of the political-social, historical-cultural, spiritual-literary heritage of this state, which marked almost three hundred years of history and left the ancient territory as a legacy to the Kazakh people. In particular, it can be said that the main task of literary scholars is to study the influence of the literary heritage recorded during this period on the formation of the Kazakh national worldview in later eras and its propaganda among the public today. Here is the work of Mahmut bin Ghali al-Bulgari al-Sarai al-Kerderi, written in a religious-didactic column entitled "Nahj al-Faradis" ("The Open Path of Paradise"), one of such literary relics. Here is the work of Mahmut bin Ghali al-Bulgari al-Sarai al-Kerderi, written in a religious-didactic column entitled "Nahj al-Faradis" ("The Open Path of Paradise"), one of such literary relics.

The article comparatively studies the place of the medieval literary relic in the literature of the Turkic-Muslim peoples and its influence on the Kazakh written literature of the early 20th century, spiritual harmony and continuity of tradition between the works of poets.

**Keywords:** Golden Horde, Nahj al-Faradis, Mahmut Kerderi, Kazakh written literature, spiritual harmony, continuity of traditions.



## Reference

1. Nurieva F.Ş., Saifetdinova E.G. Religiozniy traktat «Nahj al-Faradis» Mahmuda al-Bulgari (1358 g.) kak istochnik po istorii duhov noi kültury Zolotoi Ordy //Zolotoordynskoe obozrenie. – 2018. – Т. 6. – № 1. – С. 85-100. <https://doi.org/10.22378/2313-6197.2018-6-1.85-100>
2. Orda G.J., Sarsenbaeva J.B., Esenberlin I. «Altyn Orda» tarihi trilogiasyndaғы memlekettik ideia және tarihi tұлға tүйrymdamasy // Keruen ғылыми журналы. – 2023. – Т. 79. – № 2. – В. 98-115. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-08>
3. Nadjip E. Regiony i etapy formirovaniya turkskih pismennih yazikov I literatur. – Turkestan: Turan, 2007. – 268 p.
4. Eckmann J. Nehcül-Feradis. Uştmahtarның ачуқ yolu /Cennetlerin ачық yolu/. –Ankara, 2004. – 538 s.
5. Nuriyeva F. «Nahj al- Faradis» Mahmuta al-Bulgary. – Kazan, 1999. – 208 p.
6. Mahmud al-Bolgary. Nahjel-Faradis. – Kazan: 2002. – 225 p.
7. Mahmud al-Kerderi. Jumaqtarding ashiq joly. (Ed: T.Qydyr). Adebі jadigerler seriyasy. – V. 10. – Almaty: Taaymas, 2010. – 480 p.
8. Çağlar D.A. Mucizenin ikonografisi: Miraç ve Miraçnameler // Alevilik-Bektaşilik Araştırmaları Dergisi. – 2019. – №19. – В. 225-283.
9. Rafiddinov S. Majoz va haqiqat. – Toshkent: 1995. – 225 p.
10. Temizkan M. Ahmed Yesevi'nin Miraç-nesmesi ve Etkileri üzerine bir inceleme. // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi / Journal of Turkish World Studies. 16/2. Kış-Winter, 2016.
11. Yassaviy Hoja Ahmad. Devoni hikmat. Ed.: Haqqul I., Hasan N. – Toshkent: Navroz, 2018. – 360 p.
12. Suleymen Baqyrgani. Aqyryzaman. Adebі jadigerler seriyasy. V.7. Almaty: Taymas, 2008. – 480 p.
13. Çağatay S. Türk lehçeleri Örnekleri, VIII Yüzyıldan XVIII Yüzyıla Kadar Yazı Dili. No. 9. – Ankara: 1977.
14. Cihan D. Mirâc-name Harezmi türkçesiyle mi yazılmıştır. – Ankara: Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi, Türkoloji Dergisi, 22.1, 2018.
15. Gruber, Ch. J. The Timurid Book of Ascension (Mi'rajnama): A Study Text and Image in a Pan-Asian Context. – Valencia: Patrimonio Ediciones in collaboration with the biblioteque nationale de France, 2008.
16. Kopeyuly M. Shigarmalary. – Pavlodar: EKO, 2003. – V.2. – 384 p.
17. Saryomiy Y. Asarlar. Ed: Qosimov B., Tojiboyeva M. – Toshkent: Manaviyat, 2002. – 167 p.
18. Jangiruly Sh. Nazym Siyar Sharif. – Almaty: Arys, 2003. – 426 p.

### Авторлар туралы мәлімет:

**Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының доценті, Алматы, Қазақстан Республикасы.

**Қыдыр Торали Едилбаевич** – кандидат филологических наук, доцент Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Республика Казахстан.

**Kydyr Torali Edilbaevich** – candidate of philological sciences, M.O. Auezova Institute of Literature and Art, Almaty, Republic of Kazakhstan.

**Таджиев Хамидулла Хабибуллаұлы** – философия докторы (PhD), М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы.

**Таджиев Хамидулла Хабибуллаевич** – доктор философии (PhD), Южно-Казахстанский университет имени М.О. Ауэзова, Шымкент, Республика Казахстан.

**Tadzhiev Khamidulla Khabibullaevich** – Doctor of Philosophy (PhD), South Kazakhstan University named after M.O. Auezov, Shymkent, Republic of Kazakhstan.